



**БҰЙРЫҚ**  
19.01.2023 № 26  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

город Астана

**«Қазмедиа орталығы» басқарушы  
компаниясы» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің Байқау кеңесі  
туралы ережені бекіту туралы**

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Байқау кеңесі туралы ереже бекітілсін.

2. «Серіктестіктің Байқау кеңесі туралы ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті төрағасы орынбасарының 2012 жылғы 27 қарашадағы № 216 бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің төрағасы Қанат Жұмабекұлы Ысқақовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Д. Қыдырәлі

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрінің  
2023 жылғы «19» қазыртұл  
№ 26 бұйрығымен  
бекітілген

## «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-ның Байқау кеңесі туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі — Ереже) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Серіктестіктің Байқау кеңесі (бұдан әрі — Байқау кеңесі) туралы ереже Байқау кеңесінің құзыретін, оны қалыптастыру мен жұмыс істеу тәртібін, Байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін және жауаптылығын айқындайды.

3. Байқау кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады, Серіктестіктің Жарғысын, Байқау кеңесі мүшелерінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Байқау кеңесі Жалғыз қатысушының немесе Бас директордың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Серіктестіктің тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы болып табылады.

5. Байқау кеңесі Жалғыз қатысушыға есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

### 2. Байқау кеңесінің құзыреті

6. Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;  
2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде Серіктестіктердің даму жоспарын және Серіктестіктің даму жоспарына түзетулерді, сондай-ақ оның орындалуы туралы есепті бекіту;

3) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және Жалғыз қатысушыға таза кірісті бөлу тәртібі жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Жалғыз қатысушымен алдын ала келісу бойынша Бас директорға және оның орынбасарларына берілетін қосымша сыйақы (сыйлықақы) мөлшерлерінің тәртібін айқындау;

5) Бас директор туралы ережені, Серіктестіктің басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережені бекіту;

6) Серіктестік басқармасының ұйымдық құрылымын бекіту;

7) Серіктестік жұмыскерлерінің шекті штат санын бекіту;

8) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу және олар туралы ережелерді бекіту туралы шешім қабылдау;

9) Серіктестіктің корпоративтік басқару, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін басқару мәселелерін реттейтін Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

10) нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызынан асатын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;

11) Серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға Серіктестіктің міндеттемесін бекіту;

12) Серіктестіктің даму стратегиясын бекіту;

13) Серіктестіктің даму жоспарының іске асырылуын бағалау.

7. Байқау кеңесінің Серіктестіктің қызметіне байланысты, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының және/немесе өзге де органдарының құзыретіне жатқызылмаған мәселені қарауға қабылдауға құқығы бар.

8. Тізбесі осы ереженің 6-тармағында белгіленген мәселелерді шешу үшін Бас директорға беруге болмайды.

9. Байқау кеңесі Жалғыз қатысушының шешімдеріне және Серіктестіктің стратегиясына қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

10. Байқау кеңесі жылына кемінде бір рет Бас директор және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі ұсынған ақпаратқа, сондай-ақ Байқау кеңесі талап етуі немесе алуы мүмкін өзге де ақпаратқа негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін талдауды жүзеге асырады. Байқау кеңесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ Бас директордың Серіктестікте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізуіне және оның нәтижелі болуына бақылауды жүзеге асырады.

### **3. Байқау кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

11. Байқау кеңесінің мүшесі:

1) лауазымға шектеусіз қайта сайлануға;

2) Байқау кеңесін шақыру туралы талап қоюға;

3) Байқау кеңесінің, Серіктестіктің атқарушы органының және жалпы Серіктестіктің жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мақсатында Байқау кеңесінің қарауына ұсыныстар енгізуге;

4) Байқау кеңесін өз бастамасы бойынша өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқаны туралы жазбаша хабардар етуге құқылы.

12. Байқау кеңесінің мүшесі:

1) Серіктестіктің мүдделерін сақтауға;

2) өзіне мәлім болған, құпия сипаты бар не коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеуге;

3) өзінің Байқау кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органды алдын ала хабардар етуге міндетті.

13. Байқау кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын мүшелері Байқау кеңесінің отырысы өткізілетін жерге бару құнын және іссапар шығыстарын өтеуді қоспағанда, Байқау кеңесінде өз өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды.

#### **4. Байқау кеңесін қалыптастыру тәртібі және Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

14. Жеке тұлға ғана Байқау кеңесінің мүшесі бола алады. Байқау кеңесінің мүшелері құрылтайшы және Жалғыз қатысушы - жеке тұлғалар, Жалғыз қатысушының мүддесін білдіретін өкілдер ретінде Байқау кеңесіне сайлауға ұсынылған адамдар, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы болып табылмайтын және Жалғыз қатысушының мүддесін білдіретін өкілдер ретінде сайлауға ұсынылмаған басқа да адамдар қатарынан сайланады.

15. Байқау кеңесі кемінде үш мүшеден тұрады. Бас директор мен оның орынбасарлары Байқау кеңесінің мүшелері бола алмайды.

16. Байқау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Байқау кеңесінің құрамына қайта сайлау Байқау кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

17. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз қатысушы жаңа Байқау кеңесін сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады.

18. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Байқау кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Байқау кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Байқау кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

19. Байқау кеңесі төрағасының өкілеттігі, егер Байқау кеңесі төрағасының өкілеттігі оның бастамасы бойынша тоқтатылған жағдайды қоспағанда, жалпы Байқау кеңесі төрағасының өкілеттік мерзімі өткен соң ғана аяқталады.

20. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін тоқтатуға құқылы.

#### **5. Байқау кеңесінің отырысы**

21. Күнтізбелік жылғы өзінің бірінші отырысында Байқау кеңесі ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарын бекітеді, онда мәселелерді қарау, оның ішінде даму жоспарын жыл сайынғы және жартыжылдық бойынша нақтылау, даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін жыл сайын талдау және т. б. көзделеді.

22. Байқау кеңесінің отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы

қатысса заңды болады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Байқау кеңесінің отырысына қатыспаған Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

23. Байқау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысушы Байқау кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

24. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесінің жұмысына басшылық етеді, Байқау кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, онда төрағалық етеді және Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қояды. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесінің мүшелерінен өз орынбасарын тағайындай алады, ол Байқау кеңесінің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын орындайды.

25. Байқау кеңесін қарапайым дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан Байқау кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен сайланатын төраға басқарады.

26. Байқау кеңесі төрағасының құзыретіне мыналар жатады:

1) Байқау кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Байқау кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, онда төрағалық етеді;

2) Байқау кеңесінің сырттай отырысын өткізу туралы шешім қабылдайды;

3) Байқау кеңесінің мүшелері арасынан өз орынбасарын тағайындауға құқылы, ол Байқаушы кеңесінің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын орындайды;

4) лауазымдық айлықақыларын белгілей отырып, Бас директормен және оның орынбасарларымен еңбек шарттарына қол қояды;

5) Байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекітеді.

27. Байқау кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір реттен сиретпей Байқау кеңесі төрағасының, Бас директордың не Байқау кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

28. Байқау кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Байқау кеңесінің төрағасына Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап қойылады.

Байқаушы кеңесінің мүшелері отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, шақыруға бастамашылық жасаған адам аталған талаппен Байқау кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына жүгінуге құқылы.

29. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен кезде Байқау кеңесінің төрағасы немесе Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей оны шақыруға тиіс. Байқау кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

30. Байқау кеңесінің отырысын өткізу күнін белгілеуді, күн тәртібін қалыптастыруды және оған материалдар дайындауды Байқау кеңесі төрағасымен келісу бойынша Серіктестіктің Бас директоры жүзеге асырады.

31. Күн тәртібіндегі мәселелер мазмұнды баяндалады және олардың ауызша айтылуының тура мағынасына сәйкес түсіндіріледі, оларды әртүрлі түсіндіруге жол берілмейді.

32. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін жеті күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

33. Байқау кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Байқау кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

34. Байқау кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырысқа төрағалық еткен адам және Байқау кеңесінің хатшысы жасауға және оған қол қоюға тиіс.

35. Байқау кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде ресімделеді және онда:

- 1) Серіктестіктің атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) шешім қабылдау;

7) Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

36. Байқау кеңесінің алқалық талқылауды талап етпейтін күн тәртібінің мәселелері жөніндегі шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізуге арналған бюллетеннің нысанын Байқау кеңесі бекітеді.

37. Байқау кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы жасалатын хаттамасының жобасы шешім ресімделген күннен бастап бес күн ішінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер қоса беріле отырып, Байқау кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс. Байқау кеңесінің мүшесі дауыс беру бюллетеньдерін толтыру және оны Серіктестікке жіберу арқылы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін екі күн мерзімде айтуға міндетті.

38. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Байқау кеңесінің шешімдерін ресімдеу осы Ереженің 35-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

39. Мүшелердің көпшілігінің пікірімен келіспейтінін білдірген Байқау кеңесінің мүшесі отырыс аяқталған кезден бастап бір тәулік ішінде Байқау кеңесінің хатшысына оны хаттамаға қоса тіркеу үшін жазбаша нысанда өзінің ерекше пікірін беруге құқылы.

40. Байқау кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Байқау кеңесінің хаттамалары Серіктестікте сақталады.

41. Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Байқау кеңесі отырысының хаттамасын танысу үшін беруге және/немесе оған Байқау кеңесі хатшысының қолымен және мөр бедерімен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірмелер беруге міндетті.

42. Байқау кеңесінің отырыстарында дауыс берудің қатысу тәртібіндегі нысаны даму жоспарын бекіту, даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау мәселелерін

қарау кезінде болуы тиіс.

## **6. Байқау кеңесі мүшелерінің жауаптылығы**

43. Байқау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша олардың Серіктестікке келтірген залалдарын өтеу бойынша жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Бұл ретте, бірлесіп Серіктестікті басқаруды тиісінше жүзеге асырмауы тұрғысынан келтірілген залалдары үшін олар бірге жауап береді.

44. Байқау кеңесінің мүшелері Байқау кеңесінің Серіктестікті басқаруды тиісінше жүзеге асырмауынан Серіктестікті дәрменсіздікке (банкроттыққа) душар ету салдарынан осы адамдарға келтірілген залалдар үшін үшінші адамдар алдында Серіктестікпен бірге субсидиарлық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

45. Заңсыз шешімдер қабылдауға қарсы дауыс берген, сондай-ақ Байқау кеңесінің отырысына қатыспаған Байқау кеңесінің мүшелері Серіктестікке нұқсан келтіруге әкеп соққан шешім қабылдағаны үшін жауапты болмайды.

46. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімі негізінде Серіктестікке нұқсан келтіруге әкеп соққан заңсыз шешімдер қабылдау нәтижесінде Серіктестікке келтірілген залалдың орнын толтыру туралы Байқау кеңесінің мүшесіне талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

47. Байқау кеңесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын түсіну, оған сәйкес келуі және олардың Серіктестіктегі рөліне байланысты шамада орындалуы үшін жауапты болады.

---